

Дәлелбекқызы Ақмаралдың «Қазіргі қазақ прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбында 6D020500 - Филология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

ғылыми жетекші, проф. З.-Ғ. Бисенғалидың пікірі.

Тақырыптың жаңалығы дау тұғызбайды. Осы тақырыптағы еңбектер түгіл мақалалардың өзін мерзімді баспасөзде жолықтыру қиын. Жаңа ғасырдағы қазақ әдебиеттануының алдына тартқан қиын сұрағы тек осы деп айтуға болмас,... өйткені әлем халықтарының талайы да маңызды да мәнді міндеттерінің бірі ретінде осы мәселелерді қарастыруда ғой деген ойдамын. Бірақ мұның жауабын бүгінгі «бігіштердің» жобалап соға беретіні де танданарлық жай емес. Сондықтан да жұмыспен алғаш танысуда біраз түсінбестіктердің жолығатыны осыдан. Әсіресе, ақпараттық технологиялар сағат сайын құбылып, жаңалықтарды адамдар санасына тықпалап жатқанда ойлануға тура келеді.

Жұмыспен жете танысу мақсатында қайта-қайта оқып біраз ойландық... Ақмарал алдымыздан дәріс алған, тәжірибелік сағаттардан өткен студентіміз. Оның қабілет, қайратының қандай екенін жақсы білеміз. Біздің әдебиеттану үшін маңызды осы тақырыпты тиісті деңгейде орындап шыққанына көзіміз жетеді.

Жұмыста **маңызды тақырыптың бүгінгі деңгейіне қатысы бар ірі зерттеушілер** мен қазіргі талантты ғалымдардың шығармаларымен жақсы таныстығы бірден байқалады. А.Тойнби, М.Бютор, Р.Уоррен, А.Потебня, В.Жирмунский, В.Веселовский, Ю.Борев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, А.Жақсылықов, Д.Қамзабекұлы т.б. ғалымдардың түрлі еңбектеріндегі ментальді құбылыстардың жалпы шығармашылыққа қатысты пікірлері мен ойлары ұтымды қолданылады. Кейбір өз ойларының бастауларын да солардан алады, талдауға алған шығармаларындағы әдеби-тарихи деректерге сай өзінше дамытады.

Алдында тұрған басты мақсаттар мен міндеттерін де осы негіздерден табады, дамытады деп айтуға әбден болады. Әсіресе зерттеуде талданатын қазақ романдарындағы ментальдіктің жаңа парадигмаларын қатарластыра, салыстыра-салғастыра талдауларға сүйене отырып, жаңа байымдауларға жол іздейді, дәлелдейді. Ең басты бірерін атай кетсек: қазіргі әлемдік мәдени құндылықтар жүйесі мен менталитет мәселесі;...мәдени құбылыстардың өзара сабақтастығы;...ұлттық таным мен әлемдік қабылдау... т.б.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы адамзатқа ортақ қазіргі заманауи құбылыстардың қазақ прозасында бейнелену жүйесі туралы толғамдар мен жүйелі ойларға талдаулар жасау, негізгі бағыттары мен қол жеткізген табыстарын көрсету. Қазақ қоғамындағы бұл үдеріс аяқ асты болып отырған жоқ, оның негізінде әлемдік даму бағыттарының басты жолдары мен арналарынан көз жазып қалмау, оған ілесіп отыру ғана емес, алдыңғы шептерінен табылу тәрізді батыл талап, ниеттер аңғарылады.

Диссертант А.Дәлелбекқызы ғылыми зерттеулерінің нәтижелері ізденушінің осы бағыттағы ой-эркеттерінен хабар береді. Үш тараудан тұратын еңбектің басты мазмұны қазақ менталитетіне кейінгі жылдарда пәрменді әсер етіп отырған бұл құбылыстың бастаулары халықтың көркемдік ойлау жүйесі мен рухани сабақтастық арасындағы талай ғасырлардан үзілмен келе жатқан рухани даму бірлігінде айқындалады.. Сондықтан да бүгінгі тарихи проза да осы арнадан табылады.

Диссертант осы арналардың қазақ ұлты үшін маңызды салаларын айқындап, оларды талантты қаламгерлер М.Мағауин, Ж.Ахмади, Е.Тұрысов т.б. шығармаларының әсері туралы жазылған талдаулар мен қорытындылары арқылы көрсетеді. Әсіресе, қаламгерлердің шығармашылық ізденістерін аяқ-асты туған мәтіндердің жазушының идеялық мақсатына жетудегі мазмұндық, стилдік ерекшеліктерімен байланыстылығын атап өтеді. Қаламгерлердің қоғамда өтіп жатқан маңызды оқиғаларға, құбылыстарға көз-

қарасы оның нақты шығармасына әсерімен қалай үндеседі, болмаса авторлық идеяға қалай кереғарлық танытады т.б. туралы да күрделі байымдаулары бар.

Зерттеу жұмысының теориялық, әдіснамалық негізі ретінде көрнекті әдебиеттанушылардың осы тақырыпқа жуықтайтын зерттеулері мен әдеби-сын еңбектері мен естеліктеріндегі ой-пікірлер, теориялық толғамдары алынған. Еркіндеу интерпретацияланғандары да бар. Бірақ авторлық ой-толғамдардың өзегінен алыстамауға тырысқан. **Әдіснамалық** негіз ретінде тарихи көркем прозадағы дәуір шындығы және адам психологиясы, мақсаты, еңбегі, адам тағдыры туралы романдарында шеберлікпен қолданған көрнекті қаламгерлердің ізденістерін пайдаланған. Мұнда да талаптарға сыя бермейтін тосын жаңалықтар аз емес, әсіресе М.Мағауиннің «Шыңғысхан және оның заманы» атты төрт томдық деректі тарихи хикаясына байланысты. Алайда негізі мақсат ретінде қаламгердің өзі шығармасында сан мәрте қайталап отыратын тарихи шындықтың бейнелену ерекшеліктері туралы ойлары алынған.

Зерттеудің нысаны ретінде М.Мағауиннің «Шыңғысхан және оның заманы» атты деректі тарихи хикаясы; Ж.Ахмадидің «Есенгелді би»; Ж.Тұрысовтың «Темірлан» атты үш қаламгердің шығармасы алынған.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар тақырыптың зерттеу тақырыбының жаңалығынан, өзектілігінен де туындайды. Қазақ прозасы, әсіресе роман жанрындағы дәстүрлі ментальдіктің бейнеленуі көп зерттелді деп айтуға болмайтын шығар. Прозаның шағындау үлгілерінде «ұлытық ментальдікті» бейнелеудің, мазмұнға көшірудің кейбір бағыттарының көрініс табуы кездесетін шығар... Алайда бұл тақырып көркем прозадағы, әсіресе, романдағы тарихи проза, тарихи тұлғаны бейнелеудің ұлттық ерекшеліктеріне әдейі арналған. Мәселе бір қарағанда әлемдік әдебиеттануда зерттеліп те, қолданылып та келе жатқан сияқты. Бұл туралы пікірлер айтқан өмірден озған ғұламалар мен арамызда бар талантты ғалымдар туралы жоғарыда айтылды. Ал қазақ прозасы, қазақ романындағы «...ментальдікті бейнелеудің жаңа үлгілері туралы» мәселеге әлі тереңдей қозғалған жәк деп айтуға әбден болады.

Ендеше, бұл бағыттағы көркемдік әдіс-тәсілдердің қолданылуы туралы да әңгіме қозғау..., қалай болар екен...деп біраз ойландым.

Зерттеуінде, А.Дәлелбекқызы, мынадай 6-7 тұжырымдар ұсынады:

- тарихи прозада дәуірдің нақты сипатынан тыс көркем шығарма болмайды; бүгінгі проза да адам өмірі, тағдыры,..т.б, өмірлік мәні бар мәселерді қамтиды.; осыларды салыстырулар арқылы көркемдік таным, ұлттық код айқындалады;

- тарихи проза қоғамның әлеуметтік сипатын бейнелеуде өзіндік көркемдік тәсілдерді қалыптастырды; бүгінгі проза халыққа, нақты ұлтқа әсер еткен ірі оқиғаларға басымдық береді; автор оның тұтастығын, тарихи шындықты суреттейді; әрине, автордың белсенділігі мол, бірақ тарихи шындықты бұрмалай алмайды;

- автор өзінің дербестігін таныта алады, өйткені шығармашылық «авторлық рух...» танытады; алайда автор ақиқат дүние шындығын жеткізуді; осы шындықтарды қайыра ой елегінен өткізеді, дербес ұстанымын айғақтай бейнелейлі..;

- қазақ қаламгерлері тарихи дәуір келбетіне сол мезеттегі тұрғыда емес, оның бүгінгі ұлт тарихындағы мәніне зер салады; көркем туындыдағы мекеншак(хронотоп) қатынасына мән береді;

- әдеби шығармадағы адамзат мәселесі, тарихы, қоғамдық гуманизм мәселесімен үндес; қоғамның әр дәуіріндегі өткен тарихи құбылыстар бүгінгі жаһандық деңгейдегі өзгерістермен

ықпалдасады; әр белестегі тарихи оқиғалар жаңаша пайымдауды қажет етеді; бұрынғы оқиғалар бүгінгі көзқарас елегінен өтеді;

- тарихи оқиға кезінде бір тұлғалар ерекше көрінеді, көзге түседі; олар өз интеллект деңгейімен тұлғаланады; олар өз билеу жүйесін, ұғымдарын бағытап отырады; бүгінгі тарихи проза ұлттың ерекшелігін, тұлғалық болмысын танытатын көркемдік құндылыққа айналып отыр;

-көркем тіл – әдеби-эстетикалық ұғым ретінде ұлттың тілдік қуатын танытады; әдеби туынды дәуірдің рухани келбетін бейнелейтін сөз, тіл байлығын көрсетеді; ұлттық тілдің эмоционалдық, көркемдік сипаты қаламгердің тілдік қуатын айқындайды; көркем туындыдағы дискурстық элементтер оның мазмұндық стилдік мәнін тереңдетеді; демек, қаламгер өзінің ой тұжырымдарын кәдімгі шынайы болмысқа да кіріктіре алады...

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. 16 ғылыми мақала жарияланған: 5 мақала ғылыми-теориялық конференцияларда, 3 шетелдік халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда, 9 мақала ҚР БҒМ білім беру және ғылым саласын бақылау және аттестация Комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда, 2 Scopus ақпараттар базасына енетін импакт факторлары басылымында.

А.Дәлелбекқызының «Қазіргі қазақ прозасындағы дәстүрлі ментальдікті бейнелеудің жаңа парадигмалары» тақырыбында 6D020500 - Филология мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын алдына қойған мақсаттарын орындаған ғылыми зерттеу еңбек деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады.

**Зерттеудің ғылыми жетекшісі,
Филология ғылымдарының докторы,
профессор**



З.Қ.Бисенғали

03.27.